

## Жер учаскеге жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2026 жылғы 6 наурыздағы № 11/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, 2026 жылғы 27 қаңтардағы № ЗТ-2026-00328347 "АК Алтыналмас" акционерлік қоғамының өтінішін қарастырып, Балқаш қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "АК Алтыналмас" акционерлік қоғамына Балқаш қаласының аумағында орналасқан ауданы 1177 гектар жер учаскесінде жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2030 жылғы 01 қазанға дейінгі мерзімге қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған жария сервитут белгіленсін.

2. "Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Косемғалиұлы Сыздықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш қаласының әкімі*

*С. Сатаев*